

# БІЛПКТІ МАМАНДАР ДАЙЫНДАУ – БАСТЫ МАҚСАТ

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың «Экономика және қаржы» факультеті 1992 жылы Қазақ химия-технологиялық институтының «Экономика, өндірісті үйімдастыру және жоспарлау» кафедрасының негізінде құрылған. Факультет келесі оқу жылында өзінің 25 жылдық мерейтойын атап еткелі отыр.

Бүгінгі таңда М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Экономика және қаржы» факультетінің құрамында 7 кафедра жұмыс істейді: «Экономика», «Менеджмент» және маркетинг», «Қаржы», «Есеп және аудит», «Экономикалық теория», «Бизнес және коммерцияландыру», «Халықаралық туризм және сервис».

Жоғары оку орындарында экономикалық жоғары білімі бар мамандарды дайындау -қазіргі заман талабы. Осы мақсатта факультетте нарық жағдайында сұранысқа ие келесі мамандықтар бойынша студенттерді жан-жақты дайындау жүзеге асырылада:

- 5B050600 - «Экономика»;
- 5B050900 - «Қаржы»  
Банк ісі мамандануы;
- Салық және салық салу мамандануы;
- 5B050800 - «Есеп және аудит»;
- 5B050700 - «Менеджмент»;
- 5B051000 - «Мемлекеттік және жергілікті басқару»;
- 5B051100 - «Маркетинг»;
- 5B090200 - «Туризм»;
- 5B090400 - «Әлеуметтік-мәдени сервис».

Осы жоғарыда аталған мамандықтар бойынша білім алған студенттер университетті бітіргеннен кейін келесі қызметтер бойынша жұмыс істейтін болады. Атап айтсақ:

«5B050600 - Экономика» мамандығының түлектері «Экономика» мамандығы бойынша экономика және бизнес бакалавры академиялық дәрежесін алады. Осы мамандықты таңдаған түлектер болашекта ОҚО экономика және бюджеттік жоспарлау баскармасы; «Шымкент» ӘҚК, «Шымкенткүс» АҚ, «Шымкенттамай» АҚ, «Стандарт cement» АҚ, «Кайнар» АҚ, «Базис құрылys материалдары» ЖПС және кез келген мекемеде экономист болып қызмет атқарады.

«5B050900 - Қаржы» мамандығының түлектері қаржы бакалавры академиялық дәрежесін алады. Осы мамандықты таңдаған түлектер үйімнің банктер, сактандыру компаниялары, қаржы және салық қызметі органдары, зейнетекі

корлары, шағын несисілік үйімдар, кор биржасы, инвестициялық компаниялар мен қорлар, түрлі мешітік формасындағы кәсіпорындардың қаржы болімдерінде болашакта жұмыс істей алатын болады.

«5B050800 - Есеп және аудит» мамандығының түлектері есеп және аудит бакалавры академиялық дәрежесін алады. Осы мамандықты таңдай отырып студенттер әр түрлі мешітік нысанындағы кәсіпорындар, өндірістік емес салалар мен үйімдар, мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлеріндегі мекемелер, қаржы органдары, ғылыми-зерттеу мекемелерінде жұмыс істейтін болады.

«5B050700 «Менеджмент» мамандығының түлегі экономика және бизнес бакалавры академиялық дәрежесін алады. Өндірістік үйімдастыру, маркетинг, қаржылық жоспарлау, басқарудың психологиялық аспектілері, компаниялардың даму бойынша мәселелерді кешенді және тізбекті түрде шеше алу қабілеті бул мамандық түлектерін сәтті мансап жасауға жәрдемдеседі. «Менеджмент» мамандығының түлегі алатын лауазымдар: менеджер, алушан түрлі фирмалардың, үйімдардың, компаниялардың, соның ішінде банктердің жоспарлық-қаржылық белімнің (басқармасының) бастығы; жоба менеджері, жобалау белімнің бастығы; кризис-менеджер; тәуекелдіктерді басқару бойынша менеджер және т.б.

«5B051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының түлектері экономика және бизнес бакалавры академиялық дәрежесін алады және конкурс бойынша мынадай лауазымдарға: әр түрлі мемлекеттік құрылымдарда (Президент Аппаратында, Премьер-министр канцеляриясында, Министрлер ашаралында, барлық деңгейлердегі Әкімшіліктерде) мемлекеттік қызметтері; мемлекеттік кәсіпорындар мен үлттық компанияларда менеджер, жоспарлық-қаржылық белімнің (басқарманың) бастығы болып тағайындала алады.

«5B051100 - «Маркетинг» мамандығының түлектері маркетинг бакалавры академиялық дәрежесін алады. Осы мамандықты таңдай отырып студенттер үйімнің маркетингтік қызметтің кешендік жоспарларын жасап шыгаруға; нарық қызметтің негіздеу бойынша ғылыми және зерттеушілік жұмыстарды еткізуға; алдағы кезеңдегі қоғамның өндірушілік күштерін орналастыруын оңтайтандыру тұжырымдамасын және жолдарын негіздеуге; өз жұмысында маркетингтік зерттеудің, PR-қызметтің шетелдік тәжірибелі пайдалануға үйренеді. Лауазымдар: маркетолог; белім (маркетинг) бастығы; маркетинг департаменттің бастығы; PR-менеджер.

«5B090200 - Туризм» мамандығының түлектері туризм бакалавры академиялық дәрежесін алады. Осы мамандықты таңдай отырып студенттер мемлекеттік басқару органдардың мамандарын (министрліктер, әкімшіліктер, аймақтық белімшелер мен құрылымдар) туристік бизнесен айналысатын жеке және мемлекеттік компаниялар, туристік бағыттарғы консалтингтік компаниялар, оку орындары, ғылыми-зерттеу үйімдары, туристік кәсіпорындардың маркетингтік қызметтері, жарнама агенттіктерінде қызмет атқарайтын болады.

«5B090400 «Әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету» мамандығының түлектері қызмет көрсету саласының бакалавры академиялық дәрежесін алады. Осы мамандықты таңдай отырып студенттер қонақүйдің сөрвістік белімшелері, туристік және спорттық кешендер, фирмалардың жетекшілері, сауда, қонақүй қызметтері, қоғамдық тамактану орындары, жоғары оку орындары, ғылыми зерттеу мекемелері, халықта қызмет көрсететін жеке және мемлекеттік компаниялар, жарнама агенттіктері, қонақжайлыштық және туризм индустриясының кәсіпорындары мен үйімдарында қызмет ететін болады.

Факультette ғылыми-педагогикалық қызметтен 130 оқытушы, оның ішінде 7 ғылым докторы, 61 ғылым кандидаты, 62

магистр оқытушылар айналысады. Олардың арасында «ЖОО – үздік оқытушысы» мемлекеттік грант иегерлері, АҚШ, Еуропа елдерінің ЖОО-да ғылыми тағылымданадан еткен профессор-оқытушылар бар. 2004 жылдан бастап:

- 6M050600 - «Экономика»;
- 6M051100 - «Маркетинг»;
- 6M050700 - «Менеджмент»;
- 6M050900 - «Қаржы»;
- 6M050800 - «Есеп және аудит»;
- 6M090400 - «Әлеуметтік-мәдени сервис» мамандықтары бойынша магистратура ашылып, жұмыс жасауда.

Сонымен қатар факультетте 2014 жылдан бастап MBA - Іскер әкімшілік магистрі бойынша магистратура ашылды.

Сондай-ақ, 2010 жылы факультете 6D050600 - «Экономика» мамандығы бойынша PhD докторантура ашылды.

Факультеттің профессор-оқытушыларының қурамымен жыл сайын 150-ден аса оқулық, оку құралдары, электрондық оқулық, әдістемелік нұсқаулар шығарылуда, оның 75%-ы мемлекеттік тілде.

Факультеттің негізгі мәселелерінің бірі студенттерге жоғары сапалы білім берумен қатар, олардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық негізде тәрбиелеу болып табылады. Осы мақсатта көптеген іс-шаралар, атап айтсақ, «Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу», «Мемлекеттік рәміздер – біздің мағаныныңыз», «Діни экстремизм мен терроризмін алудың алу», «Сүйікті елім - Қазақстан», «Қазақстан экономикасында индустріалды инновациялық процестердің қаржылық камтамасызы ету», «15-караша - Ұлттық валията күні», «Үздік тәлімгер», «Тіл - ұлттық қазына», «Менің таза қадам», «Тәуелсіздік - тірекім», «Салаятты өмір - денсаулық көспі», нашакорлық мәселелерін талқылау бойынша семинар, дәңгелек үстел, пікірсайыстар еткізіліп тұрады.

Г.А.ПАЗИЛОВ, факультет аға тәлімгері